

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 352 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 144 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 499 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 352 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары):

"1. Әр түрлі мақсаттағы отандық ғарыш аппараттарын құруға және ұшыруға арналған негіздерді әзірлеу" деген бөлімде:

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"2007 жылғы IV тоқсан";

"2. Әр түрлі мақсаттағы ғарыш аппараттарын ұшыруға және басқаруға арналған жер үсті инфрақұрылымын дамыту" деген бөлімнің 16-жолы алып т а с т а л с ы н ;

"3. Қазақстандық ғарышкерлердің ұшуы кезінде Халықаралық ғарыш станциясының бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттер бағдарламасын әзірлеу" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттері бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізу";

19 - ж о л д а :

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Сұйық және қатты күйіндегі металл қорытпаларында термодиффузияны зерделеу" ;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"110,452, оның ішінде жылдар бойынша: 2005 - 50,0; 2006 - 40,0; 2007 - 20,452" ;

реттік нөмірі 21-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары организмдер геніне ғарыштық ұшыру жағдайына ұқсас факторлар әсерінің молекулярлық-биологиялық тетіктерін зерттеу және ауыл шаруашылығы дақылдарының бастапқы төзімді желілерін құру";

реттік нөмірі 22-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары күш түсуі жағдайында адамды қорғаудың химиялық, биохимиялық және психофизиологиялық әдістерін әзірлеу";

реттік нөмірі 23-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Адам организмнің бейімделу мүмкіндіктерін арттыратын, бағытталған медициналық-биологиялық қасиеттері бар биологиялық белсенді қоспалар мен мамандандырылған өнімдер әзірлеу";

көрсетілген Іс-шаралар жоспарынан кейінгі мәтінде:

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға байланысты қаржылық шығындар барлығы 44364,75 млн. теңгені құрайды." ;

"Республикалық бюджет барлығы 44064,75 млн.теңге, оның ішінде 2005 жылы - 14861,2 млн.теңге." ;

алтыншы абзац алып тасталсын;

Ескертуде "АЗҒК - авиациялық зымыран-ғарыш кешені" деген жол алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*